

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010, - 40б.

5. Азия асқарлары // Егемен Қазақстан.-2005.-15 желтоқсан.

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ ОРНЫ

Сайфолла Ғайсат Абатұлы

Заң факультетінің Құқықтану тобының 1 курс студенті

Gaisat_enu@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Ибрагимов Ж.И.

Қазақстан Республикасының Конституциясы - қазіргі күніміз бен келешегіміздің кемелдігінің көрінісі. Егеменді еліміздің қанат жаюы - жолындағы бірден-бір бастаушы заң, әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің Ата заңы. Бүгін біздің еліміз 1995 жылғы Конституция бойынша өмір сүреді. Ол қабылдағаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына қабыл етті. Расымен де, біздің 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциямыз ұзақ уақытты дамушы құқықтық құжат болып табылады. Бұл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Конституция - мемлекеттік биліктің қайнар көзі - халықтың өзі екенін айқындады. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды», - деген болатын [1].

Қазіргі қолданыстағы Конституцияның жобасын дайындау, бүкіл халықтық талқылау кезіндегі сын көздер мен ұлт көшбасшысының алдында туған қиыншылықтар да аз болмады. Осы жұмысымда жаңадан қабылданған Конституцияның ұзақ қиын әрі кедергіге толы жолдан өткендігін және осы кедергілерден шығуға бірден бір себепші ұлт көшбасшысының атқарған еңбегі туралы сөз қозғамақшымын.

Жаңа Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқылау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанынан кейін-ақ, шын мәнісінде оның жұмысына бүкіл ел кірісті деп айтуға болады. Қазақстанның барлық түкпір-түкпірінен жобаға қатысты күнделікті түсіп отырған ұсыныстар бойынша - мәліметтер топтамасы жасалынды. Күніне осындай ұсыныстардың бірнеше папкасы түсетін. Сонымен бірге баспасөзде жарияланып жатқандарды да естен шығармау қажет болды.

Ең бастысы талқылаудың бірыңғай пікірде болмағанын айтуымыз қажет. Конституцияның дайындалған жобасын жұрттың барлығы бірдей қолданған жоқ. Баспасөзде оны сынға алған жарияланымдар аз болмады. Тіпті заңгер ғал-

ымдардың өздері де жаңа тұрпатты Конституцияны, оның жасампаз жақтарын бірден қабылдаған жоқ.

Конституцияның жобасын дайындау, оны жоғарыда айтып кеткеніміздей бүкілхалықтық референдумда талқыға салу және қабылдау сатыларында Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың пікірлеріне күмән көзқарастар туды. Конституцияның жобасы жарияланғаннан бірнеше күндерден кейін, сол кезде - қызмет жасап тұрған Конституциялық Соттың алты судьясы бұқаралық ақпарат құралдарында оның ішінде көптеген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарда да: Ұсынылған конституциялық модель Республиканы демократиялық, - құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп тануға негіз бермейді ал билікті бөлудің принциптерін бұрмалау тек қана президенттік емес, сонымен бірге бүтіндей басқарудың республикалық түрін де күмәнді жасайды деген мәлімдеме жасады. Сонымен бірге Конституциялық Сот судьяларының басқа бөлігі өз әріптестерінің бұл пікірлерімен үзілді кесілді келіспеді, олар да өз тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдеме жасады. Конституциялық Соттың өз ішіндегі жаңа Конституцияның жобасын қарау кезіндегі мұндай алалықтар қоғамда пікірталастың қаншалықты өткір жүріп жатқанының айқын көрінісі болды [2. 18-19.].

Шынымен де, Конституцияны қабылдау қарсаңында сынның ыстық жалынының көбісі Ұлт көшбасшысына бағытталды. Алдыда туған ешбір кедергіге бой алдырмай Ұлт көшбасшысы таянбай еңбек етті. Ондаған жылдар бойы азаттарымыздың ой-санасында қордаланып қалған стереотиптерді жою үшін, - мемлекет пен қоғамды түбегейлі реформалау барысында пайда болатын көптеген объективті және субъективті проблемаларды шешу үшін бірнеше жылға созылған табанды жұмыстар атқаруға тура келді. Ұлт көшбасшысы өзінің еңбегінде: Ия, кейде біздің шешімдеріміз жартыкеш, ымырашыл сипатта да болды. Кез-келген жаңа істе болатыны сияқты, қателіктер де жіберілген. Осының бәрі сол кездерде анық өтпелі сипатта болған мемлекеттік институттар мен заңнамалық қызметтерден көрініс тауып отырды,- деп айтады, расымен де, қателіксіз адам, ештеме жасамайтын адам деген сөз бар емесп пе?! Жоғарыда біз Ұлт көшбасшысының бастауымен табанды жұмыстар атқарылған болатын деп сөз еттік. Оларды тізіп айтсақ саны өте көп. Конституцияны қабылдау тұсында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Көптеген шетелдердің Конституциялары, әсіресе 20- ғасырдың екінші жартысында қабылданғандары - мұқият сараптаудан өткізілді. Біз үшін дамудың әртүрлі сатыларында тұрған, сан алуан әлеуметтік-мәдени, ұлттық және басқа да ерекшеліктері, әртүрлі құқықтық жүйесі бар елдің Конституциясы басты мәселені – тұрақтылықты нығайтудағы, халықтың әлауқатын жақсартудағы және демократияны дамытудағы қол жеткен табыстарын ұғыну маңызды болды. Ізденіс-географиясы да ауқымды болатын- Еуропаны, Азияны, Солтүстік және Латын Америкасын қамтыды. Ұлт көшбасшысы: Мен өз басым тікелей әлемдегі жиырма елдің конституциясын талдап, олардан конспект жасап алдым,- деп айтқан болатын.

Бүгінгі біздің Конституциямыз Франция Республикасының Конституциясына ұқсас болып келеді. Оған тек ұқсастық шегінде қарағандарыңыз жөн.. Расымен

де, Конституцияның жобасын жасау кезінде бірқатар Еуропа және Азия мемлекеттерінің Конституциялары сараланды. Көптеген азаматтар бүгінде біздің Конституция Франция және Чили мемлекеттерінің Конституциясының көшірме нұсқасы деп тіл қатады. Бірақ та, елбасымыздың Конституция жобасын әзірлеу кезінде негізгі ойы жоғарыда аталған мемлекеттерінің жоғарғы күші бар заңдарын талдау ғана болатын. Конституцияның жобасын әзірлеу кезінде құрылған ҚР Президенті жанындағы сараптамалық-консультативтік кеңес тобының құрамына ұлт көшбасшысы шетел мемлекеттерінің Конституциясын көшіріп алуды емес, қайта басқа елдердің тәжірбиелерін талдау негізінде, өз еліміздің сұраныстарына мейілінше жауап беретін Негізгі Заңның жобасын жасау мандетін қойған. Сондықтан да біздің Конституцияның барлық ережелерінен қазақстандықтардың діліне, біз бағдарлама ретінде ұстанатын қазақ халқының өткендегі дәстүрлеріне сәйкес келетін, біздің қазақстандық қолтаңбамыз, біздің өзіміздің «Меніміз» көрініп тұратын болды.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Ата Заңымыз Конституцияны жасаудағы жұмысының нәтижесін және алдында туған кедергілерге қарсы жеңісін бүгінгі Қазақстанның іргетасы болып табылатын 1995 жылы жаңадан қабылданған Конституциямен 1993 жылы 28 қаңтардағы ескі Конституцияны салыстыра отырып байқай аласыздар.

1993 жылғы Конституцияда Қазақстан демократиялық мемлекет болып табылады деп айтылған. Алайда бұның бәрі ниет қана екендігі, ал нағыз демократияның ауылы алыс жатқаны кімге болса да белгілі еді. Сонымен қатар бірге құқықтық және әлеуметтік бағдары бар мемлекет болуы туралы мәселе тұрды. Бұған жетудің өзі алда тұрған еді. Онымен қоса екі Конституция арасындағы айырмашылық мемлекетті басқару нысанында болатын. 1993 жылғы Конституция Қазақстанды республика деп жариялағанымен, оның нақ қандай екенін анықтап көрсетпеді. Ол кезде Қазақстанда президенттік және парламенттік республиканың екеуінің де белгілері бар еді. Бір жағынан, Президент мемлекет Басшысы болып табылды. Екінші жағынан, Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес Президент туралы тараудың алдында тұрды, мұның мемлекеттік иерархияда жоғарғы өкілетті органның белгілі дәрежеде үстемдігін көрсетті. Бұл Конституцияның кейбір басқа ережелерінде де көрініс берді: мысалы, Конституциялық құрылыстың негіздері туралы төртінші ережеде Қазақстанның бүкіл халқының атынан сөйлеу құқығы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке тән деп көрсетілген. Көріп отырғанымыздай бірінші кезекке Жоғарғы Кеңесті қойып отыр. Сол сияқты, Жоғарғы Кеңес Президент пен Вице-Президенттің орындарынан түсуін қабыл алу үшін депутаттардың жалпы санының 2/3 дауысы жеткілікті деді, ал бұл жерде оларды бүкіл халық болып сайлағаны ескерілмейді [2. 17.].

Жаңа Конституция Қазақстанды Президенттік Республика деп жариялады. Менің жоғарыда айтқанымдай, президенттік басқару түрін таңдап алу кездейсоқ емес еді. Қазақстан жағдайында ең ықтималды болатын қоғамның чаяси және экономикалық жүйесін реформалауға ең қолайлы алғышарттарды жасайтын басқарудың дәл осы түрі еді.

Жаңа Конституцияда біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармаққа - бөлінуінің тетіктері қарастырылған, ал мұның өзі, бір жағынан, олардың тығыз ынтымақтасып қызмет жасау мүмкіндіктеріне, ал екінші жағынан, өзара бірін-бірі шектеп отыруына, Конституцияда және заңдарда көрсетілген құзіреттеріне араласпауына бағдарланған. Бұрынғы Конституцияда, кейбір батыс елдерінің тәжірибесіне орай, сол биліктің өзін бөлу туралы әңгіме көтерілген-ді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан жағдайында бұл шешім әртүрлі мемлекеттік институттар арасындағы қақтығыстардың тууына, әрбір билік өздерін бір-бірінен тәуелсіз деп есептейтін қателерге ұрындырады десек қате болмас.

Біздің Негізгі Заңның тағы бір жағымды жағы – онда жер мәселесінің шешілуі болды. Конституциялық тұжырым: Жер, сондай-ақ, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін деп жариялады. 1993 жылғы Конституция мұндай мүмкіндікті жоққа шығарған еді [2. 23.].

Жоғарыда біз Ұлт көшбасшысының Ата Заңымыз Конституцияға енген - сарқылмас еңбегін және сол еңбегін жүзеге асыруда алдыда туған кедергілерді байыпты, байсалды шешкенін баяндап бердік. Өзінің бір сөзінде Елбасымыз: Сол бір қиын- қыстау жылдарды еске алғанда, елімізді күрделі әлеуметтік катаклизмдерге соқтырмай, аман сақтап, әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретіндегі осы заманғы мемлекетін құру үшін не керектің бәрін істегеніме, мемлекетті құруға қызмет жасағаным сенімдімін,- деп айтқан болатын. Біздің ойымызша, бүкіл халық тарихқа назар аудара отырып, шын мәнінде, Президентіміздің еңбегін бағалай отырып Елбасымызға алғыс айтқаны жөн. Себебі, біздің саяси лидеріміздің сол кездегі батыл қадамдарының жемісі бүгінгі мемлекетіміздің мәртебесі мен халқымыздың әлауқаты екенін естен шығармауымыз жөн. Қазіргі күні бізді қоршап жатқан бірқатар мемлекеттерге назар аударуларыңызды сұраймын!

Экономикалық дағдарыстар, ұлтаралық қақтығыстар және өзге саяси ахуалдар мұның барлығы мемлекеттегі тұрақсыздықтың көрінісі. Осы жерде біздің Конституциямыздың маңыздылығын және оның пайда болуына негіз болған Елбасымыздың еңбегін оң бағалауларыңызды және Конституцияны қатаң ұстануды сұраймын. Себебі, ол Шет мемлекеттердегі жағдайлар біздің мемлекетімізде орын алмас үшін басты кепіл болып табылады.

Елбасымыздың Конституцияны дұрыс ұстану сөз тіркесіне мынадай анықтама береді: Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз да өтуге тиіс. Барлығымыз орындалған еңбек пен оның нәтижесін қадірлейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Конституция - мемлекеттің демократиялық дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. АСТАНА. 28-тамыз, 2010 жыл.
2. Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан Жолы. Алматы, Жібек Жолы, 2012 жыл.
3. Конституция 1993 жылы 28 қаңтар.

ЭКСПО - 2017 КӨРМЕСІ - ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН ЖЕҢІСІ

Сәрсенбек Динара Рамазанқызы

Заң факультеті 1 курс

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ



Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы бола білдік. Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Осы жеткен жетістіктердің барлығы біріншіден халқымыздың арқасында болса, екіншіден халықты жұдырықтай жұмылдырып, өзінің сара жолын сала білген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы.

Елдік пен даналықты әлемдік саясатпен ұштастыра білген Елбасы елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын кемеңгерлікпен айқындап, елдің бейбітшілігі мен ынтымақтастығының бірлігін сақтау, мемлекеттің экономикасы мен саяси жүйесін дамыту, халықтар достығын нығайту, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу мәселелерінде күш салып, еліміздің абыройы мен атағын асқақтатып, мәртебесін биіктетіп, Отанымыздың беделін көкке көтеріп келе жатыр. Тіпті, бұл тұрғыда оны бүкіл әлем мойындайды. Атап айтар болсақ , ағылшын жазушысы Джордж Айткен 2009ж 14 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетіндегі сұхбатта: «...Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың өз халқы үшін сіңірген үлкен еңбегі –аса қиын жағдайда сан ұлттан құрылған халқын соңына ертіп, олардың тарихи қалыптасқан достығы мен ауызбірлігіне